



Мемлекеттік қызметтегі бос лауазымға орналастыру конкурссын өткізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 мамыр N 649. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.02.17. N 259 қаулысымен. ~P000259

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы

Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2731

N952731\_

өкіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Мемлекеттік қызметтегі бос лауазымға орналастыру конкурсын өткізу тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 27 мамырдағы  
N 649 қаулысымен  
Бекітілген

Мемлекеттік қызметтегі бос лауазымға орналастыру  
конкурсын өткізу тәртібі туралы  
Ереже

Жалпы ережелер

Осы Ереже мемлекеттік қызметтегі бос лауазымға орналастыру конкурсын (бұдан әрі - конкурс) өткізуудің тәртібін белгілейді.  
Конкурс:

азаматтардың мемлекеттік қызметке бірдей қол жеткізу құқығын қамтамасыз етеді;

мемлекеттік қызмет лауазымдарының үшіншіден бастап жетіншіге дейінгі санаттардағы бос лауазымдарға орналасу үшін өткізіледі.

## Конкурстарды өткізу тәртібі

1. Мемлекеттік орган бос лауазымға орналасу конкурсын өз бетінше жариялады. Лауазымға орналасу конкурсын жариялау туралы шешімді мемлекеттік органның басшысы қабылдайды.

### 2 . К о н к у р с :

жарияланған сәттен бастап бір айдан аспайтын мерзім ішінде оған қатысуға өтініш берген азаматтар арасында; құжаттар конкурсы нысанында өткізіледі.

3. Конкурс қатысушылар арасында мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптарға неғұрлым сай келетін адамдарды анықтау үшін өткізіледі.

4. Мемлекеттік қызметшілер конкурс өткізілетін сәтте өздерінің қандай лауазым атқаратындарына қарамастан оған қатысуға хақылы.

5. Конкурсты өткізу күні мен орны, өтінішті беру тәртібі мен мерзімі туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

6. Конкурсқа қатысушылар мынадай талаптарға сай болуға тиіс;

Қазақстан Республикасының азаматы болуға;

мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тиісті санаттарына қатысты республика зандарында өзгеше көзделмесе, жасы он сегіз жастан кем болмауға;

біліктілік талаптарына сай келетін қажетті білімі мен кәсіптік даярлығының деңгейі, сондай-ақ зандарда көзделген жағдайларда мамандығы бойынша жұмыс с т а ж ы б о л у ғ а т и і с .

7. Конкурсқа қатысқысы келетіндер конкурс өткізіп отырған мемлекеттік орган басшысының атына мынадай құжаттарды береді:

ө т і н і ш ;

кадрлар есебі жөніндегі жеке іс парагы;

білімі, ғылыми атағы туралы құжаттардың және ғылыми атақ тағайындау жөніндегі атtestаттың (бар болса) белгіленген тәртіппен расталған көшірмелері;

ө м і р б а я н ы .

8. Конкурсқа түскен құжаттарды конкурсты жариялаған мемлекеттік органның басшысы алдын ала қарайды. Оның тиісті қорытындысы жазбаша нысанда конкурстық комиссияға жіберіледі.

9. Мемлекеттік органда басшының шешімі бойынша тұрақты жұмыс істейтін конкурстық комиссия құрылады. Конкурстық комиссия туралы Ережені басшы бекітеді.

10. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысушыларды білімі туралы, мемлекеттік қызметті немесе өзге еңбек жолын өткеруі туралы құжаттардың, сондай-ақ ұсыныстардың, тест нәтижелері мен тиісті мемлекеттік органдардың шешімі бойынша берілетін басқа құжаттардың негізінде бағалайды.

11. Конкурсқа қатысушы адамдар конкурстық комиссияның мәжілісіне қатыса алады.

12. Конкурстық комиссияның шешімі тиісті мемлекеттік лауазымға ұсынылған азаматпен контракт жасауға немесе осындай контракт жасаудан бастартуға негіз болып табылады.

13. Дауыс беруге комиссияның жалпы құрамының кемінде 2/3 мүшесі қатысса, конкурсты өткізуде конкурстық комиссияның шешімі заңды болып табылады. Конкурстық комиссияның қатысушы мүшелерінің көпшілік дауысын алған кандидат конкурстан өткен болып саналады.

Егер екі немесе одан да көп кандидат қатысқан конкурсты өткізгенде дауыстар тендей бөлінсе, конкурстық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Конкурс өткізілмей қалған жағдайда мемлекеттік органның басшысы бос лауазымға орналастыру туралы шешімді өз бетінше қабылдайды.

14. Конкурстық комиссияның шешімі, егер ол осы Ереженің талаптарын сақтай отырып қабылданған болса, түпкілікті болып табылады. Комиссияның шешімі заңда белгіленген тәртіппен жойылуы мүмкін.

15. Конкурсқа қатысушылардың әрқайсысына конкурстың нәтижелері туралы ол аяқталған күннен кейінгі бір айдың ішінде жазбаша нысандада хабарланады.